№52 С.Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

# «Ұстаз-ұлы тұлға»




2023-2024оқу жылы

Айта берсек ұстазға тіл жетпеген.
Кімге ұстаз білім нәрін төкпеген?!
Айтыңдаршы, адам бар ма Өмірде,
Ұстаздарға қарыздар боп өтпеген?
Ұстаздар, ұлағатты зиялылар,
Сендерде ғалымдардың қиялы бар.
Ағайын, тойларыңа тарту етем,
Шәкірттердің сәлемін қабыл алыңыздар!

**Ән «Алтын ұя мектебім»**

1 — жүргізуші: Ұрпаққа айтар ақылы, көрсетер өнегесі бар, аналық, әкелік сезімнің, дана ойдың ыстық лебі бар аға ұрпақ өкілдері, мектептің жүрегі ардагер ұстаздарымыз ортамызда отыр.

2 — жүргізуші: Сағыныш сазы толқытқан,
Арнамақ сөздің мәйегін.
Шәкірттерін оқытқан,
Келіп тұр жолдап сәлемін

**«Ұстазым» әні**

1 — жүргізуші: Құрметті қонақтар, сіздер салып кеткен сара жол — ұстаз жолы – ұлы жол. Өткен жолдарыңызға көз жіберіп, еске ала отырып, өздеріңізге бірнеше сұрақ қоюға рұқсат етіңіздер. 1 — қонаққа сұрақ: Ұстаздық өмірге қалай келдіңіз? Жүрек қалауымен бе, әлде осы мамандықты таңдауға себепші оқиға немес бір жағдай болды ма? 2 — қонаққа сұрақ: «Ұстаз болу жүректің батырлығы» дейді, осы ұстаздық қызметті таңдауда батырлықпен қандай қасиет адам бойынан табылу керек деп ойлайсыз? 3 — қонаққа сұрақ: Кешегі өзіңіз еңбек еткен мектебіңізден қандай өзгерістерді байқадыңыз? Мектебіңізге айтар тілегіңіз?
Сіздерге көп рахмет, аяулы да мейірбан ұстаздар.

2 — жүргізуші: Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім — тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт — бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Әй ақымықтық деймін, біз осы асыл жандардың қадірін түсінбей жататын кездерімізде болады. Олай

болса, осы тақырып аясында дайындалған музыкалық қойылымымызды бірге тамашалайық!

**Музыкалық қойылым**

1 — жүргізуші:

"Ұстаздық — ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбеққор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз" — деген Бауыржан Момышұлы.

Олай болса, аяулы ұстаздарымыздың қадіріне жетіп, ардақтай білейік достар! 2 — жүргізуші: Шәкірттер санасына сәуле шашып, шырақ отын маздатқан ұстаздар қауымына ақ лебіз, жылы тілегін білдіру үшін ортамызға Кәсіп одақ ұйымының төрағасы Маржангүл Сағиданқызын шақырамыз.

1 — жүргізуші: Тәтті әуен бағаланса, балдан нәрі, Өнердің асулары алда әлі. Өнерге іңкәр етіп қояр жанды

**Ән «Мектебім»**

2 — жүргізуші:

Ұстаз — шәкірт алдында сыйлы адам. Ұстазжайлыайтылар сыр да, жыр да көп. Ұстазсенімінақтау — адамгершіліктіңбелгісі. Мұғалімнің жүрегі соғып тұруы үшін: жауаптылық, қажырлылық, білімділік, жүректілік, сүйіспеншілік, сабырлылыққерекекен.

(баяу музыка ойнап тұрады)

1 — жүргізуші: Қымбат, мен саған жұмбақ жасырайын? Шешіп көрші

2 — жүргізуші: Жарайды жасырып көр, кәне

1 — жүргізуші: Жылдың ең қысқа күндері.

2 — жүргізуші: Каникул

1 — жүргізуші: Оқушылардың үлкендерге көп көрсете бермейтін құпиясы

2 — жүргізуші: Күнделік.

1 — жүргізуші: Бақылау жұмысында дәптеріне жазғандарын бақылатып отыратын я қыз, я ұл.

2 — жүргізуші: Дос

1 — жүргізуші: Үзілісті зарықтыра күттіретін 45 минут.

2 — жүргізуші: Сабақ

1 — жүргізуші: Әжеме айтатын басты сылтауым.

2 — жүргізуші: Спорт секциясы

1 — жүргізуші: Қыздардың негізгі қаруы.

2 — жүргізуші:"Апайға айтам"

Жасай берсін жарқылдап,
Ұстаз атты ұлы есім.
6 — оқушы:
Ұстазыңды түсінген сен тереңнен
Бар әлемге еңбегімен еленген.
Сенің бағың өрге қарай өрлесе,
Ол да бірге қуанышқа кенелген.
7 — оқушы:
Ұстаз сөзін айтып жүрдік ән қылып,
Одан басқа жүрген кім бар жанды ұғып.
Ұстаз деген – ұлылардың ұлысы,
Қасиетіне бас иейік мәңгілік!
1 — жүргізуші:
Армысыздар, аса қадірменді ұстаздар ұжымы, білім шыңына талпынған оқушылар!
2 — жүргізуші:
Қымбат, Бүгін бізде үлкен мереке. Бүгін ұстаздар қауымының төл мерекесі. Олай болса бүгінгі күн ұстаздарға арналмақ. Күн сәулесі өмірге қандай жарық берсе, ұстаз есімі де шәкірттерге күндей жарық береді.
1 — жүргізуші:
Ұстаз, ұстаз!!!
Осы сөзде жатыр қанша ұлылық,
Осы сөзде таусылмайтын жылылық.
Әль — Фараби, Ыбырай мен, Ақаңды
Осы сөз ғой қойған бізге ұлы — қып.
Ұстаз шебер қисықтарды жөндейтін,
Тентектерді ақылмемен емдейтін,
Болса дағы малға кедей өмірде.
Бар байлығым шәкірттерім сен дейтін!
2 — жүргізуші:
Сіздерді бүгінгі төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздердің дана көңілдеріңіз әр оқушының жан дүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын төгуде. Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге сәттілік тілейміз. Құрметті ұстаздар!
1 — жүргізуші:
Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымын кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтау үшін сахна төріне мектеп

*Жаңа оқу жылы ұстаздар қауымы үшін үлкен мереке. Қазан айының бірінші аптасы ұлық қызмет иелері мұғалімдеріміздің кәсіби мерекесі. Мереке қарсаңында еліміздегі әрбір мектептер мен оқу орындарында іс-шаралар өтіп, шәкірттері ардақты ұстаздарын құттықтап жатады. Біздің сайт ұжымы сіздерге **Мұғалімдер күніне** арналған мерекелік кеш сценарийін ұсынады.*

**Фанфар ( Ортаға жеті оқушы шығады қолдарында әріптері бар)**

***М — мейірімді***

***Ұ — ұлағатты***

***Ғ — ғазиз***

***А — ақылшы***

***Л — лайықты***

***І — іскер***

***М — маман мерекелеріңіз құтты болсын! (бәрі бірге)***

1 — оқушы:

Сәлем бердік ұстаздар баршаңызға,
Сіздермен тола берсін ортамызда.
Бүгінгі ел басқарған азаматтар,
Білім алған сіздердің арқаңызда.

2 — оқушы:

Бүгінгі күн құшақтарың гүлге толсын,
Дендеріңнің саулығы мықты болсын.
Білімменен суарған шәкірттерің,
Төл мерекең ұстаздар құтты болсын!

3 — оқушы:

Ұстаздарым биік тұлға байсалды,
Құшақ жайып өз мерекең қарсы алды.
Қуанышты жарқын тілек білдіріп
Құттықтаймыз, ұстаздарым баршаңды.

4 — оқушы:

Ұлы өмірге жетелеп,
Ашқан білім есігін
Құрметтейік мәпелеп
Ұстаздардың есімін.

5 — оқушы:

Келешекке алтын бақ,
Қосар таудай үлесін.


Ұстаз
ұлы есім


Ұстаз
ұлы есім
REDMI NOTE 9S
AI QUAD CAMERA
2023/10/5 13:33

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «№52 С.БЕГАЛИН АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №52 ИМЕНИ С.БЕГАЛИНА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ КЕЛЕССКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **№222** **ПРИКАЗ**

**Қаратал ауылы** **«21» «09» 2023 жыл**

**«Мұғалімдер күні мерекесін мерекелеу мәртебесін арттыру туралы»**

Келес ауданы білім бөлімінің 21.09.2023 жылғы №172 н/қ бұйрығын негізге ала отырып

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте **"Мұғалімдер күні"** мерекесіне орай, іс-шара жоспары жасалып, бекітілсін.

2. **"Мұғалімдер күні"** мерекесіне орай жасалған іс-шара жоспары 2023 жылдың 25 қыркүйегіне дейін өткізілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау мен басшылық жасау жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Кузенбаеваға жүктелсін.

**Мектеп директоры:** **Г.Бекжанова**

«Бекітемін»

Мектеп директоры

..........Г.Бекжанова

**№52 С.Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі**

**«Ұстаз-ұлы тұлға» апталық іс-шара жоспары.**

| Іс-шара атауы | түрі | мерзімі | сыныбы | жауапты |
|---|---|---|---|---|
| Ұстаз-ұлы тұлға апталығының ашылу салтанаты | Түсіндірме жұмыстары | 28.09.23 | 5-10 сыныптар | Ш.Анарқұл |
| Ұстазымды құттықтау | Құттықтау челленджі | 29.09.23 | 4-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| «Ұстазы бардың ұстанымы бар» | Тәрбие сағаты | 29.09.23 | 1-4 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| «Ұстаз мектебіміздің жүрегі» | Ардагер ұстаздарға арналған құттықтау | 02.10.23 | 9-10 сыныптар | Сынып жеттекшілер |
| Мұғалімдер мерекесіне арналған өзін-өзі басқару ұйымы «Дублер күнін» ұйымдастырып өткізу | «Дублер күнін ұйымдастырып өткізу» | 03.10.23 | 8-9-10 сыныптар | Аяс Арайлым |
| «Ұстаз-ұлы тұлға» | Мерекелік концерт | 04.10.23 | 1-11 сыныптар | Ш.Анарқұл А.Аяс |
| «Менің сүйікті ұстазым» | Эссе жазу | 05.10.23 | 7-8 сыныптар | Б.Тулекова |

Тәлімгер Ш.Анарқұл

*№52 С.Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 9-сынып оқушысы Насырхан Ғазиза*

# ЭССЕ

## *«Менің алғашқы ұстазым»*

Эссе

# Менің алғашқы ұстазым

Ұстаз - шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытушы. Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, ұлттық сана ізгілікті сіңіруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ұстаз - әрдайым ұлағатты тұлға ретінде ерекшеленеді. Ұстаздың адам өмірінде алар орны орасан зор.

Менің алғашқы ұстазым - Есимова Бақытгүл апай. Ұстазым алғаш әріп танытып, қалам ұстатқан. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ болары анық. Ұстаз - рухы таза, ой-өрісі биік, ұлты мен Отанының болашағы үшін тер төгіп, өз бойындағы асыл қасиеттері мен білімін болашақ ұрпақтың бақыты мен кәдесіне жаратып, жауапкершіліктің бастаушысы. Әрбір ұстаздың басты міндеті - зердесі де зерек, парасатты, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына дарытқан саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Адамды тәрбиелеп, бойына адамгершілік қасиеттерді дарыту - үлкен жауапты іс, сол себепті ұстаздың еңбегі ұлы еңбек екенін ешқашан ұмытпауымыз керек.

Ұрпақ болашағы, халқымыздың келешегі қазіргі ұстаздардың қолында. Мектептің басты тұлғасы әрі жүрегі - ұстаз. Жастарымыздың өсіп-өнуіне, дамуына бар үлесін қосатын қажетті тұлға - ұстаздардың еңбегі әрдайым жоғары бағалануы керек. Мен өз ұстазымды әрдайым құрметтеп, қадірлеп, сыйлаймын. Ұстаз - әрбір адамның жүрегінен орын ала білген ұлы тұлға.

Ұлы ұстазды құрметтеу - әрбір адамның парызы.
Бақтыгүл апай өз міндетін жақсы орындай білді.
Себебі апайдың шәкірттері білімді, ақылды,
саналы. Алғашқы ұстазым, яғни Бақтыгүл
апай өте мейірімді, ақкөңіл, жылыжүзді кісі.
Біз апайды ардақтаймыз, сыйлаймыз, құрмет-
тейміз. Себебі бұл - біздің адамдық борышымыз.
Әрбір адам өз ұстазына әрдайым қарыздар.
Сондықтан әрдайымда ұлы ұстаздарымызды
құрметтеп жүруіміз керек. Қазіргі ұстаздар
еліміздің болашақ ұрпақтарына тәлім-тәрбие беріп,
білім нәрімен сусындатады. Себебі кішкене ұрпақ-
ымыздың болашағы, халқымызды насихаттаушы,
әлемге танытушы. Ұлы тұлғалардың бәрі де
ұстаздарынан тәрбие, білім алған. Сондықтан да
ұстаздың шәкірт өмірінде алар орны ерекше.
Әсемі қоратандамай кім, мен үшін ұстаз-
болашақ ұрпақтың ұлы мұраты жолында
талмай еңбек етіп жүрген абзал жандар.
"Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға,"
деп Абай атамыз айтқандай, ұстаз еңбегінің
қыр-сыры мол, шын да жауапты, шығармашы-
лық еңбек екенін барлығымыз мойындаймыз.
Сол себептен, мен өзімнің алғаш әріп
танытқан алғашқы ұстазыма құрметпен
алғыс білдіремін!

«Бекітемін»

**Мектеп директоры**

**.........Г.Бекжанова**

**№52 С.Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің мұғалімдер күніне арналған «Дублер күні» мұғалімдер мен әкімшілік қызметін атқаратын оқушылардың тізімі**

| № | **Оқушылардың аты жөні** | **Лауазымдық атқаратын қызметі** |
|---|---|---|
| 1 | Сайдулла Шыңғысхан | Мектеп директоры |
| 2 | Аяс Нұрасыл | ДТОЖО |
| 3 | Насырхан Ғазиза | ДТІЖО |
| 4 | Аққұл Толғанай | Тәлімгер |
| 5 | Пәзілбек Ұлжан | Педагог психолог |
| 6 | Ғайбулла Нұршат | Бастауыш пәні мұғалімі |
| 7 | Мадилхан Гүлдана | Ағылшын тілі пәні мұғалімі |
| 8 | Зайт Диана | Бастауыш пәні мұғалімі |
| 9 | Әбжалел Аягөз | Орыс тілі пәні мұғалімі |

ДТІЖО М.Кузенбаева

Тәлімгер Ш.Анарқұл

қабілеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында "Дублер күні" өткізілді.

Аталған мақсатты жүзеге асыруда мектеп оқушылары ерекше қызығушылық танытып, белсенді ат салысты.Дублер күні оқушылар сабаққа ынта-ықыласпен дайындалып түрлі тәсілдер мен тәжірибелер көрсетіп, төменгі сынып оқушыларын қызықтыра білді.

Шара соңын қорытындылай келе, оқушылар "Дублер күні" алған әсерлері мен ұстаздық қызметтің қиыны мен қызығы туралы өзара пікіркүні алмасты.Бір күн дублер бола отырып, мектеп өмірінің бір күндік тыныс- тіршілігіне араласып оқушыларымыз оң әсер алды.

#ҰстаздарКүні
#Дублер_күні

#өзін_өзі_басқару
#мектеп_парламенті



№52 С.Бегалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

# «Ұстазы бардың-ұстанымы жақсы»

Орындаған: 4 сынып жетекшісі

Ирисбекова К.

2023-2024 оқу жылы


DELUXE
бардың - ұстамы жақсы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Түркістан облысы Келес ауданы

№52 С. Беталин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекеме

# Тәрбие сағаты

Тақырыбы: «Ұстаз – ұлы тұлға»

Сынып: 9

Сынып жетекші: Жиенбаева У

2023-2024 оқу жылы








М У Г А Л І М

**Түркістан облысы Келес ауданы**

«Тәрбие сағат тақырыбы: Ұстазым ұлағаты»

Сынып жетекшісі: Таскулова А

5-сынып

2023-2024 оқу жылы







Шаблон Постер Сшивание